

Темперамент ерекшеліктері

Баламен қарым-қатынас кезінде оның бойындағы темпераменттің басым түрін ескеру қажет

Балалар туған сәттен бастап, темпераменті бойынша ерекшеленеді. **Түрлі темпераменттегі баламен дұрыс қарым-қатынас жасау үшін мыналар қажет:**

- балада темпераменттің қандай түрі басым екендігін нақты түсіну керек;
- бала темпераментінің барлық жаман және жақсы жақтарын ескеруге тырысу керек;
- темпераменттің кез келген түріне үстемдік етпей, тек басқара білу керек;
- тәрбиелей отырып, холерикті флегматикке, флегматикті - сангвиникке және т.с.с. айналдыруға тырыспау керек (олай істей алмайсыз да);
- өз балаңыздың темпераментін ескере отырып, ол қандай болса, сондай күйде жақсы көріңіз.

Ежелгі грек дәрігері Гиппократ алғаш рет енгізген **түрлі топтағы темпераменттердің белгілерін суреттейміз**. Олар ата-аналарға баласының темпераментінің түрін анықтауға көмектеседі

I. САНГВИНИК: күшті, салмақты, елгезек

Мұндай бала өте елгезек. Тез жылайды, сондай-ақ жылдам жұбанады. әрекеттің бір түрінен екіншісіне жылдам көшеді. Баланың жинақы болмауы алаңғасарлығы, шалағайлығы ата-анасын алаңдатады, бірақ қарым-қатына бала сүйкімді, күлдіргіш, тапқыр, қиялшыл. Еңбектеп, тербеліп, жүпр танцы ұнатады. Әрдайым жаркын, епті, адамға үйір. Сангвинник-бала кітап оқу, конструктор құрастыру, мультфильмдер көру және т.с.с. бірлеске Болыцман айналысатын ересектердің көмегі арқы керуенділікке үйрету болады.

II. ФЛЕГМАТИК: күшті, салмақты, инертті

Флегматика-бала өте сабырлы, баяу, үндемес. Аз қозғалады, ұйықтағанды ұнатады, жылдам ұйықтайды, ерте оянады, жаксы тамақтанады, кез келген нәрседе тәртіп болғанын қалайды, өте тілалғыш және тап-тұйнақтай. Баяу, үзіліспен сөйлейді, жылдамдықты, ептілікті кажет ететін ойындар ойнағанды ұнатпайды, оған басқа балалармен рөлдік ойындар ойнаған ұнайды. Флегматика-балаға бірлескен сабақтарда қиялды дамытуға арналған жаттығулармен, музыкамен, ермексазбен, сурет салумен айналысу ұсынылады. Флегматик-балаға өзіңіздің махаббатыңызды табанды түрде

көрсетудің қажеті жоқ - керісінше, үлкендердің немқұрайлылығы, оған осы немқұрайлылықты жеңуге, махаббатты жаулап алуға қарай ұмтылыс ретінде әрекет ететін болады.

III. ХОЛЕРИК: күшті, ұшқалақ, тынышсыздығы басым

Холерик-бала өзіне не керек екендігін біледі, өжет, табанды, батыл. Ымыраға келуі қиын, басқаларының пікірімен санаспайды. Аса тәуелсіз, ашушаң, агрессиялы болады. Аз ұйықтап, ерте оянады. Кез келген тамақты жейді, дөрекі, жылдам еліктіргіш ойындарды ойнайды, құрдастарымен жанжалдасады. Холерик-баламен қарым-қатынаста төзімділік пен сабырлық қажет. Бірлескен іс-әрекеттерде, іс-қимылды, жарыс ойындарын ойнау ұсыналады жүзу, би билеу, табиғат аясына шығу пайдалы. Бала тынышталған кезде ғана дене жазасын пайдаланбай, істеген қылығының салдарын түсіндіре отыры ұрсып, жазалауға болады.

IV. МЕЛАНХОЛИК: әлсіз, меланхоликалық темперамент

Меланхолик-баланың мінез-құлқында көп нәрсе түсініксіз. Ол ойнаған кезде көбіне ойшыл және мұңды болады. Егерде ренжіген болса, онда көп жане еніреп жылайды. Бөтен адамдардан және құрдастарынан қорқады. Туыстарымен қарым-қатынаста мейірімді, биязы, ашық және сенгіш. Өте ақылды болады, жеке қалғанда ұнатады, кез келген тағамды жей бермейді, жылдам шаршайды. Кеш жатады, керуетінде ойланып, қиялданып жатқанды ұнатады. Жылылықты ұнатады, спорттан қорқады. Мұндай бала үлкендердің көп қамқорлықтары мен үлкен махаббатын талап етеді. Меланхолик-бала қатты уайымдайтын болғандықтан, ол үшін дөрекі қарым-қатынас қолайлы емес. Бірлескен сабақтарда жарыс ойындарын ойнауды емес, сурет салып, ермексазбен жұмыс істеу және құрастыруды пайдаланған дұрыс.